

ҰЛТЫН СҮЙГЕН - ҰЛЫ АДАМ



Қазақстан Жазушылар одағының Әдебиетшілер үйінде қазақтың батыр ұлы Бауыржан Момышұлының туғанына 100 жыл толуына орай «Ұлтын сүйген — Ұлы адам» атты ғылыми-практикалық конференция болып өтті. ҚР Мәдениет министрлігінің, Жазушылар одағы мен Республикалық «Ел-шежіре» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен өткізілген шараның мақсаты - қазақтың қас батыры Бауыржанның бай мұрасын зерделей, зерттей тану, оның патриотизмге толы болмысын насихаттай отырып, ұрпағымызға үлгі-өнеге ету.

Жиынға ұлт зиялылары, ақын-жазушылар, барша халыққа үлгі бола білген батырдың келіні Зейнеп Ахметова және БАҚ өкілдері мен басқа да қонақтар қатысты. Конференцияның кіріспе сөзін Жазушылар одағының басқарма төрағасы Нұрлан Оразалин ашып, жүрекжарды лебізін білдірді. Батыр әрі қолына қалам ұстаған ұлы жазушы әрі ойшыл Бауыржан Момышұлын ұрпағымызға өнеге етіп, алдағы қараша айының 4—5 жұлдызында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да конференция өтетінін, желтоқсанда 28-Панфиловшылар паркінде бабамызға орнатылып жатқан үлкен ескерткіштің ашылу салтанаты болатынын көпшілікке жеткізді.

Конференцияда «Полковник —

Бауыржан» атты тақырып аясында баяндама жасаған полковник Ким Серікбаев хас батырмен екі-ақ мәрте кездескенін, сол кездесудің өзінде мол әскери тәрбие алғанын айтты. Оның отты жанарын, өзгеше қайсар мінезін айта отырып, баршамызға ерлігін, есімін мақтаныш етті.

Батырмен бірге жүріп, үзеңгілес болған жандар азайып барады, дегенмен, арамызда көзін керген, сөзін естіген кейбір тұлғалар оның данышпандығы, шындықты жасқанбай айтатын турашылдығы жайлы ғибратты естеліктер айтты.

Жазушы Мамытбек Қалдыбайұлының: «Баукеңнің бейбіт кезеңдегі өмірі де оңай болмады. Себебі, қоғамдағы кейбір адамдар оның

тұлғалық ерекшелігіш, ұлтшылдық жан сезімін түсінгілері келмеді. Ол туралы теріс көзқарастар да болды», — деген пікірінен көп өнеге алуға болады.

Сондай-ақ, батырдың көзін көрген, дәмдес болған, бүгінде сексеннің сеңгіріне шыққан Мыңбай Рәш Бауыржан туралы түрлі естеліктер айтып, оның белгісіз қырларын аша түсті. Түрік халықтарының әскери әдебиетінің негізін салушы Б.Момышұлы шығармашылығына тың көзқарас қалыптастыруға, бауыржантану ілімін жандандырып, жастарды патриоттыққа тәрбиелеуге, батырдың өмірдегі тағылымды жолын кейінгі ұрпаққа үлгі-өнеге етуге арналған конференцияда жүрекжарды өлеңдер де оқылды.